

## «Жаңа жыл – жаңа смартфон!» акциясының ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1.1. «Жаңа жыл – жаңа смартфон!» акциясының (ары қарай - Акция) ұйымдастырушысы «КаР-Тел» ЖШС, Beeline TM (ары қарай - Ұйымдастырушы) болып табылады.

1.2. Акцияға 18 жасқа толған жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлерден басқа), «КаР-Тел» ЖШС, Beeline TM ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шартқа қосылған аванстық есеп айырысу тәртібіндегі абоненттер қатыса алады (ары қарай - Қатысушы/Қатысушылар). Ұйымдастырушының және оның үлестес компанияларының қызметкерлері Акцияға қатыса алмайды.

1.3. Осы Акцияны өткізу ережелері (ары қарай - Ережелер) Акцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

1.4. Акцияны өткізу ережелері мен нәтижелері, сондай-ақ Акцияға байланысты басқа да ақпараттар Ұйымдастырушының Instagram @beeline\_kz аккаунтында және/немесе www.beeline.kz сайтында жарияланады.

1.5. Акция лотерея немесе тәуекелге негізделген басқа ойын болып табылмайды. Акцияны өткізу тәртібі Қатысушылардың қатысу үшін төлем жасауымен байланысты емес, Акцияның жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптастырылған.

1.6. Акцияның мақсаты – Beeline абоненттерінің ниеттестігін арттыру.

### 2. Акцияның өткізілу мерзімі

2.1. Акцияның өткізілу мерзімі - 2024 жылғы 2 желтоқсаннан 2024 жылғы 31 желтоқсанын қоса алғанға дейін. Бұл кезеңге Ұйымдастырушының ұтыс ойындарын өткізу, Акция жеңімпаздарын анықтау және оларға жүлделерді табыстау үшін қажетті мерзімдер кіреді.

### 3. Акцияның өткізілу аумағы

3.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

### 4. Акцияның жүлде қоры

Жұлде (ары қарай - Жұлде)	Жалпы сана (дана)
<b>Апталық ұтыс ойындары үшін:</b>	
Galaxy Z Flip6 5G 256GB Silver Shadow	8
<b>Қорытынды ұтыс ойыны үшін:</b>	
Galaxy Z Fold6 5G 256GB Silver Shadow	1

Жұлделердің жарнамалық материалдардағы суреттері нақты жүлделердің сыртқы көрінісінен өзгеше болуы мүмкін. Жұлделердің параметрлері мен сипаттамаларын Ұйымдастырушы

анықтайды, олар Ұйымдастырушының қалауы бойынша өзгере алады және Қатысушылардың күткеніне сәйкес келмеуі мүмкін.

## 5. Акцияны өткізу шарттары

5.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушылар келесі әрекеттерді орындауы қажет:

- смартфонға «Менің Beeline-ым» мобильді қосымшасын орнатып, өз абоненттік нөмірі арқылы авторизациядан өту;
- 2024 жылғы 2 желтоқсаннан 22 желтоқсанға дейінгі кезеңде аптасына кемінде бір рет «Марапаттар» бөліміне кіріп, «Қатысамын» қойындысын басу.

5.2. Акция аясында 3 (үш) апталық ұтыс ойыны және 1 (бір) қорытынды ұтыс ойыны өткізіледі. Жұлделер Ережелердің 5.7-тармағында көрсетілген мөлшерде және күндерде ойнатылады.

5.3. Бір Қатысушы Акция аясында тек бір Жұлдеге ие бола алады.

5.4. Қорытынды ұтыс ойыны апталық ұтыс ойындарда Жұлде алмаған Қатысушылар арасында өткізіледі.

5.5. Егер жеңімпаздар арасында бұрынғы ұтыс ойындарының жеңімпазы болса, жұлде келесі Қатысушыға беріледі.

5.6. Жұлделерді ұтыс ойыны Акция шарттарын дұрыс орындаған барлық Қатысушылар арасында кездейсоқ сандар генераторы арқылы жүзеге асырылады.

5.7. Ұтыс ойындарының өткізілу кестесі және ойнатылатын Жұлделер саны:

Ұтыс ойыны	Ұтыс ойынының күні	Жұлде (Ережелердің 4-тармағына сәйкес)
1-ші ұтыс ойыны (2024 жылғы 2-8 желтоқсан аралығындағы апта нәтижелері бойынша)	2024 жылғы 9 желтоқсан	3 смартфон
2-ші ұтыс ойыны (2024 жылғы 9-15 желтоқсан аралығындағы апта нәтижелері бойынша)	2024 жылғы 17 желтоқсан	3 смартфон
3-ші ұтыс ойыны (2024 жылғы 16-22 желтоқсан аралығындағы апта нәтижелері бойынша)	2024 жылғы 23 желтоқсан	2 смартфон
Қорытынды ұтыс ойыны	2024 жылғы 23 желтоқсан	1 смартфон

## 6. Қатысушының құқықтары

6.1. Қатысушының құқығы бар:

6.1.1. Осы Ережелермен белгіленген Акция шарттарымен танысу.

6.1.2. Акцияға қатысу.

6.1.3. Ұтыс ойынының жеңімпазы (ары қарай - Жеңімпаз) тиісті Жұлдені осы Ережелерде белгіленген мерзімде және тәртіпте алу.

## **7. Қатысушының міндеттері**

7.1. Қатысушылар Акцияның барлық мерзімінде қосымшада тіркелген абоненттік нөмірін өзгертпеуі тиіс.

7.2. Жеңімпаздар Ұйымдастырушыға толық аты-жөнін, Beeline нөмірін және Акцияны өткізу мақсатында қажетті басқа да деректерді беруі тиіс. Ұйымдастырушы Жеңімпаздың деректерінің (аты-жөні, жеке куәлік мәліметтері, Beeline нөмірі және т.б.) ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шартқа қосылған кезде көрсетілген абонент деректеріне сәйкестігін тексеруге құқылы.

7.3. Жеңімпаздар Жұлдені осы Ережелердің 10.4-тармағында көрсетілген мерзімде алуға міндетті.

## **8. Ұйымдастырушының құқықтары**

8.1. Ұйымдастырушының құқығы бар:

8.1.1. Егер осы Ережелердің 7-тармағында көрсетілген жалған немесе толық емес мәліметтер берілсе немесе Жеңімпазды верификациялау кезінде деректердің сәйкессіздігі анықталса, Қатысушыға Акцияға қатысуға немесе Жұлдені алуға тыйым салуға.

8.1.2. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Қатысушыларды әділетсіз әдістерді қолданған жағдайда, сондай-ақ Ережелердің 7.1-тармағын бұзған жағдайда, Акцияға қатысудан шеттетуге құқылы.

8.1.3. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияны тоқтату немесе ұзарту, Жұлде қорының санын және құрамын өзгерту, сондай-ақ осы Ережелерді өз қалауы бойынша өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Ұйымдастырушы өзгерістерді күшіне енгенге дейін бір күн бұрын Instagram @beeline\_kz аккаунтында және/немесе www.beeline.kz сайтында жариялайды.

8.1.4. Жеңімпаздың аты-жөнін мен аккаунтын Instagram @beeline\_kz аккаунтында және басқа ақпарат көздеріндегі барлық маркетингтік материалдарында жариялауға.

8.1.5. Жеңімпаздан Жұлдені алғаны туралы фототүсірілімді сұрауға. Оны Жеңімпаз Жұлдені алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушыға жіберуі тиіс.

8.1.6. Акцияны өткізу барысында бұзушылықтар анықталған жағдайда, Акция нәтижелерін жою немесе қайта қарау құқығын өзіне қалдырады.

## **9. Ұйымдастырушының міндеттері**

9.1. Ұйымдастырушы міндетті:

9.1.1. Осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Акцияны өткізу;

9.1.2. Осы Ережелердің шарттарына сәйкес Жұлдені Жеңімпазға беру.

## **10. Акция нәтижелерін қорытындылау және Жұлдені алу тәртібі**

10.1. Жұлделер ұтысы Ұйымдастырушыға Акцияны өткізуге мүмкіндік беретін функционалы бар, Ұйымдастырушы таңдаған кез келген рандомайзермен кездейсоқ таңдау әдісімен өткізіледі.

Акцияның Жеңімпаздары анықталғаннан кейін, сол әдіспен әр Жұлде бойынша 2 (екі) резервтік жеңімпаз анықталады. Жеңімпаздың Жұлдеден өз еркімен бас тартуы, Жеңімпазға қоңырау шала алмау, Акция шарттарына сәйкес келмеу жағдайларында Жұлде тиісті резервтік жеңімпазға беріледі. Жеңімпазды таңдау процесінің бейнежазбасын (немесе сілтемесін) Ұйымдастырушы Instagram @beeline\_kz аккаунтындағы стористер бөлімінде жариялайды. Бұл стористер тиісті ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде «Актуальные» бөлімінде «Смартфон ұтып ал» атауымен қолжетімді болады.

10.2. Ұйымдастырушы Жеңімпазбен Акцияға қатысқан абоненттік нөмірі бойынша тиісті ұтыс ойыны аяқталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде байланысады. Жеңімпазбен байланыстыра алмау жағдайында (қолжетімсіз, желі аясынан тыс және т.б.) 5 қоңыраудан кейін, Ұйымдастырушы Жұлдені тиісті резервтік жеңімпазға беру құқығын өзіне қалдырады.

10.3. Барлық Жеңімпаздар туралы ақпарат 2024 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей Instagram @beeline\_kz аккаунтында жарияланады.

10.4. Жұлделерді беру кезеңі: Жеңімпаздар анықталған сәттен бастап 4 (төрт) күнтізбелік күннің ішінде, егер Ұйымдастырушы қоңырау шалған сәтте басқа күн белгіленбесе. Жұлделерді Ұйымдастырушының кеңселерінен өздігінен алып кету арқылы алуға болады. Егер Жеңімпаздың қаласында Ұйымдастырушының кеңсесі болмаса, Жұлдені жақын қаладағы кеңседен өздігінен алып кетуге болады. Жеңімпаздар Жұлдені алуға байланысты шығындарды толық көлемде өздері көтереді. Жұлдені алу уақыты, орны, тәсілі туралы толық ақпарат Жеңімпазға ұтыс ойынынан кейін беріледі. Осы Ережелердің осы тармағында көрсетілген Жұлдені алу мерзімін бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы Жұлдені тиісті резервтік жеңімпазға беру құқығын өзіне қалдырады.

10.5. Жұлдені алу үшін Жеңімпаз осы Ережелердің 10.4-тармағында көрсетілген мерзімде жеке басын куәландыратын құжатты (жеке куәлік, төлқұжат) Ұйымдастырушыға көрсетуі, сондай-ақ барлық қажетті құжаттармен, соның ішінде жүкқұжатпен және/немесе қабылдау-тапсыру актісімен танысып, қол қоюы қажет.

10.6. Жұлдені алған сәтте Жұлдеге меншік құқығы Жеңімпазға өтеді. Жұлдені алған сәттен бастап Жұлденің кездейсоқ жойылу, жоғалу, бүліну немесе бұзылу қаупі үшін жауапкершілік Жеңімпазға өтеді. Ұйымдастырушы Жұлдеге қатысты ешқандай кепілдік бермейді.

10.7. Жұлделер қайтаруға және айырбастауға жатпайды, өндірушінің стандартты кепілдігімен көзделген жағдайларды қоспағанда (егер мұндай кепілдік көзделген және Ұйымдастырушыда бар болса). Жұлделерді ақшалай баламасына ауыстыру қарастырылмаған.

10.8. Жеңімпаздың осы Ережелерде көрсетілген кез келген немесе барлық әрекеттерді орындамауы, Жеңімпаздың көрсетілген әрекеттерді орындаудан бас тартуы Жұлдеден бас тарту болып саналады. Бұл жағдайда Жеңімпаз Жұлдені талап ету құқығынан айырылады және Жұлде

автоматты түрде Ұйымдастырушының қарауына өтеді, ол Жұлдені тиісті резервтік жеңімпазға беру құқығын өзіне қалдырады.

## **11. Ұйымдастырушы жауапкершілік бермейді:**

11.1. Қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы (уақытында орындамауы) үшін;

11.2. Қатысушының Ережелерді білмеуінен туындаған жағдайлар үшін;

11.3. Интернет желісіндегі және/немесе ұтыс ойынын өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының техникалық ақаулары және/немесе алаяқтық нәтижесінде Қатысушылардан хабарламалар алынбағаны үшін;

11.4. Акцияны өткізу және Жұлдені беру кезінде қажетті Қатысушылардан толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе басқа мәліметтер алынғаны үшін;

11.5. Акцияны өткізу мерзімдері мен тәртібіне, сондай-ақ оның нәтижелеріне әсер ететін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық ақаулары үшін;

11.6. Ұйымдастырушы болжай алмайтын және олардың әрекетін жоя алмайтын жағдайлардың туындауына байланысты өз міндеттемелерін бұзғаны үшін;

11.7. Қатысушының Акцияға қатысуы нәтижесінде туындаған немесе туындауы мүмкін кез келген шығындар мен шығыстар үшін.

## **12. Басқа шарттар**

12.1. Акцияға қатысу Қатысушының Акцияны өткізу шарттарымен және Ережелерімен танысқанын және келісетінін білдіреді.

12.2. Қатысушы бола отырып, егер ол Жеңімпаз болса, Ұйымдастырушы бұл туралы кез келген түрде жариялауға, Жеңімпаз туралы ақпаратты, оның ішінде аты-жөні, әкесінің аты, фотосуреті, тұрғылықты қаласы сияқты ақпаратты жариялауға құқылы екенін келіседі және Ұйымдастырушыға осындай жариялауға және ақпаратты ашуға ешқандай сыйақы төлемей-ақ рұқсат береді.

12.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушыға оның жеке деректерін өңдеуге, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға (соның ішінде Жұлделерді тапсыру мақсатында), таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға Акцияны өткізуге байланысты мақсаттарда келісімін береді.

12.4. Жеңімпаздардың Жұлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін жеке тұлғадан алынатын жеке табыс салығын қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Ұйымдастырушы төлейді.

12.5. Жеңімпаздардың Жұлделерді алуына байланысты туындауы мүмкін барлық басқа төлемдер, шығындар мен шығыстар Жеңімпаздар тарапынан дербес төленеді.

12.6. Ұйымдастырушы Қатысушының Акцияға қатысуы нәтижесінде туындаған немесе туындауы мүмкін кез келген шығындар мен шығыстар үшін жауап бермейді.

### **13. Байланыс ақпараты**

Beeline ресми аккаунттарының WhatsApp немесе Telegram чаттары, Ұйымдастырушының beeline.kz сайтындағы немесе «Менің Beeline-ым» мобильді қосымшасындағы Дана чат-көмекшісі.